



БҰЙРЫҚ

27.07.2020 ж

Есбөл селосы

ПРИКАЗ

№ 72

село Есбөл

Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарын құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 бабының 4 тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №64 Қаулысы басшылыққа ал отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатын тағайындау үшін жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органы келісім бойынша қосымшаға сай құрылсын. Қосымша №1

2. Ата-аналардың немесе олардың заңды өкілдерінен өтінішпен қоса растау құжаттары қоса берілген қосымшаға сай қабылдансын. Қосымша №2

3. Алқалы орган жеке тұлғалардан келіп түскен өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қарау жұмыстарын жүргізсін.

4. Мектептің бас есепшісі, (аты жөні толық) комиссия мүшесі жалпыға міндетті оқу қорынан бөлінген қаржыны тағайындау кезіндегі есептеу жұмыстарын жүргізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалысын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ф.Тюрина

«27» шілде 2020 жыл
№ 71 бұйрығына

Білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек
көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан
келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарының
құрамы



Алқалы басқару органдарының төрағасы
Мектеп директоры

Ф.Тюрина

Алқалы басқару органдарының хатшысы

Мектептің әлеуметтік педагог маманы

А.Төреғалиева

Алқалы басқару органдарының мүшелері

Мектеп директорының оқу-тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

А.Хасанова

Мектеп директорының тәрбие
жұмысы жөніндегі орынбасары

С.Қоржықбаева

Мектептің бас есепшісі

З.Шамбилова

Мектептің ата-аналар қоғамдық кеңесінің төрағасы

Ж.Джунаева

Мектеп инспекторы

А.Акимов

«27» шілде 2020 жыл
№71 бұйрығына

**Ата-аналардың немесе олардың заңды өкілдерінен өтінішпен қоса
қабылданатын растау құжаттарының тізімі**

1) Төменде көрсетілген санаттағы тұлғалар үшін өтініш иесінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілілігін растайтын анықтама:

1.1. мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

1.2. мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

1.3. жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, потранттық тәрбиедегі отбасыларда тұратын балаларға;

1.4. төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

1.5. білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен тәрбиеленушілер) (қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды)

2) Табыс туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың жалақысын, кәсіпкерлік және өзге де қызмет түрлерінен түсетін табыс, балаларға және асырауындағы өзге де адамдарға алименттер түріндегі табыс);

3) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыда тәрбиеленетін балалар үшін қорғаншылықты (қамқоршылықты), патронаттық тәрбиелеуді бекіту туралы аудан әкімінің шешімі;

4) Қажеттілік туындаған жағдайда алқалы орган отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау жұмысын жүргізеді.

5) Көрсетілген санаттарға қаржылай және материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдау үшін алқалы орган қажет болған жағдайда қажетті құжаттарды сұратады.

6) Жеке тұлғалардан өтініш (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына қосымша өтініш үлгісі негізінде)

**Жалпыға міндетті білім қорымен қамту (всеобуч) мәселесі бойынша
Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы
№ 1**

Есбол ауылы

«29» шілде 2020 жыл

Төрағалық еткен:

Комиссия төрайым

Боранбаева Қарлыға – жеке кәсіпкер

Қатысқандар:

1) комиссия мүшелері

Юсупова Гүлдана – Есбол селолық әкімдік аппаратының бас маманы

Раев Асқар – аудандық ИБ қызметкері

Берсүгіров Қуанғали – «Семсер» күзетші

Бопылдықова Зайра – «Айгүл» балабақшасы тәрбиеші

2) шақырылғандар:

Ф.Тюрина - мектеп директоры

А.Хасанова – оқу ісі жөніндегі орынбасар

С.Қоржықбаева – тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасар

А.Төреғалиева – әлеуметтік педагог

З.Шамбилова – есепші

КҮН ТӘРТІБІ:

1-ші мәселе: Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау туралы.

Хабарламашы: Есбол орта мектебінің әлеуметтік педагогы, А.Төреғалиева;

Тыңдалды: А.Төреғалиева - Есбол орта мектебінің әлеуметтік педагогы; Жалпыға міндетті оқу қорына көмек алу үшін 21 ата-анадан арыз келіп түсті. Отбасылардың 3 айлық орташа есептегі күнкөріс деңгейін есептей келе, адам басына шаққанда 31234 теңгеден асып кетуіне байлынысты 3 отбасының құжаттары қайтарылады.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттары:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалар;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балалар;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар қамтылған.

Қосымша білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына: көп балалы отбасы балаларының ата-аналарына келіп түскен өтініштер ұсынылуда. Барлығы 18 отбасынан 54 мектеп жасындағы, осы мектеп оқушылары.

Басшылыққа алынатын нормативтік құжаттарға тоқталатын болсақ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 21) тармақшасы, «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы, "Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы № 255 Қаулысы басшылыққа алынады. Алдарыңызға ұсынылып отырған Жалпыға міндетті оқу қорынан жалпы 1890000 теңге бөлінген. Осы қаражатты жұмсау бағытын талқылау күн тәртібіндегі мәселеге ұсынылып отыр.

Айта кетейін, бұл мәселе кезекті комиссияда, яғни білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау бағытын және жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштерді зерделейтін алқалы басқару органдарынан құрылған комиссияның отырысында қаралады. Елдегі жағдайларды ескере отырып, әр бір оқушыға білім алуларына қажетті құрылғыларды алуы үшін әр бір балаға 35 мың теңге көлемінде қаржылай көмек беруді ұсынамын:

Келесі сөз алушы: Юсупова Гүлдана – Есбол селолық әкімдік аппаратының бас маманы

Еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Жарлығымен елімізде төтенше жағдай енгізілген болатын. Қазақстан Республикасының аумағында COVID-19 коронавирусының таралуын болдырмау мақсатында осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдау туралы тапсырмалар берілді. Білім беру ұйымдарыда осы бағытта өз жұмыстарын тиімді ұйымдастыруы қажет. Ең алғы шартты жұмыс жаңа оқу жылына оқушылардың даярығын қамтамасыз ету. **Жылма - жыл жалпыға міндетті оқу қорынан бір жолғы көмек беріледі. Білім алушылардың жағдайын толықтай зерделеп, күн көріс деңгейі төмен отбасылардың балаларына көмек көрсетілуі қажет.**

Келесі сөз алушы: Боранбаева Қарлыға, – жеке кәсіпкер Еліміздің Президенті Қ.Тоқаев «Бүгін бүкіл ел аумағындағы төтенше жағдай режимі аяқталды. Алайда, кейбір аймақтарда дерттің таралуы бәсеңдемей отыр. Индет толығымен жойылып

кеткен жоқ. Пандемия халықтың денсаулығына әлі де қауіпті. Сондықтан карантиндік шектеулер әр өңірдегі жағдайдың жақсаруына қарай біртіндеп алынады» деді өз сөзінде, сондықтанда оқушылардың денсаулығы бәрінен маңызды, еліміздегі жағдайларды ескере отырып, атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге берілетін материалдық көмек түрін **қаржылай көрсетуге ұсыныс** білдіремін.

Келесі сөз алушы: Берсүгіров Қуанғали – «Семсер» күзетші

Әрине айтуыңыз өте орынды, сонымен қатар әлемді жайлаған пандемия апаты өмірімізге ешуақытта ойымызға кірмеген өзгерістер енгізді. Индетті ауыздықтау мақсатында енгізілген төтенше жағдай мен карантиндік шектеу шаралары білім беру ісін жаңа форматқа көшіруге мәжбүр етті. Алдағы уақытта да ауа райының салқын мезгілдері келе жатыр, оқушылардың **түгелге жуық дерлігі қашықтықтан оқытылса бұл бастамаға мен де қолдау білдіремін.**

Келесі сөз алушы: Ф.Тюрина - мектеп директоры

Оған қоса «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» бұйрығына да тоқталатын болсақ, «Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, форс-мажор жағдайлары туындаған жағдайларда шектеу іс-шаралары алынғанға, төтенше жағдай қолданысы, форс-мажор жағдайлары тоқтатылғанға дейін ата-аналар балаларды орта білім беру ұйымдарына киіп бара алатын іскерлік, классикалық стильдегі ыңғайлы киіммен қамтамасыз етеді» делінген. **Мектеп формасы талап етілмейтіндігін ескерсек, қаржылай көмек бере отырып және берілетін қаржы мөлшерін көтермелеу қажет.**

Ата-аналарға оқушылардың қашықтықтан оқытуға қажетті құрылғыларды алу үшін беріліп жатырған көмек екендігін қосымша түсіндіру керек деп есептеймін.

Келесі сөз алушы: Бопылдыкова Зайра – «Айгүл» балабақшасы тәрбиеші
Еліміздегі жағдайға байланысты көп азаматтар жұмысыз қалып, үкіметтен берілген көмектер арқылы отбасын асырауда, оның өзі де күнделікті қажеттіліктерге, яғни ас-ауқаттарын алуға кететіні сөзсіз. Жаңа оқу жылында оқу- құралдарын алуға көп отбасының мүмкіншіліктерінің жоқтығының айқын көрінісі, бұл да жыл ма жыл берілетін жалпыға міндетті оқу қорынан берілетін қаржы мөлшерін көтере отырып, қаржылай беруге толық негіз болады деп есептеймін.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап, комиссия шешім етеді:

1. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабының 21) тармақшасы, «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы, "Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы № 255 қаулысының 5 тармағы негізінде білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындай отырып әлеуметтік осал топ санатына ұсынылған қосымшаға сай күн көріс деңгейі төмен 18 отбасының 54 баласына 35 мың теңгеден қаржылай көмек берілсін.

2. Хаттамалық шешім комиссия мүшелеріне жіберілсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау комиссия хатшысы А.Төреғалиеваға жүктелсін.

Комиссия төрайымы



Қ.Боранбаева

Комиссия хатшысы



А.Төреғалиева